

## БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ – ОРТАҚ МҮДДЕМІЗ

Мем.лiл. 12019073 14.11.2012 ж. ҚР Бiлiм және Ғылым министрлiгiнен берiлген.

Әлем елдері Қазақстанды көпұлтты мемлекет ретінде біледі, елдегі ұлт пен ұлыстың мызғымас татулығы, бірлігі өзгелерге үлгі боларлықтай.

2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жалпыхалықтық өкілдіктің институты, азаматтық қоғамның авангарды болып отыр. Әрбір азамат біздің жеріміздегі бейбітшілік пен келісімнің сақталуына жауапкершілікті сезінуі керек.

Тарихымызға үңілсек, оған анық көз жеткізе аламыз. Қиын-қыстау кезеңге тап болған өзге ұлт өкілдеріне қашан да қамқор болып, ағалық

мейірімін аямаған. Алаш елі тағдырдың жазуымен жер аударылып келген түрлі ұлыстарға төрінен орын беріп, бір үзім нанын бөліскені белгілі. Сол үшін көптеген ұлыстардың өткені мен бүгінгі буыны қазақ халқына шексіз риза. Қазақ жерінде қазір 140-тан аса ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүруде. Олардың әрқайсысының ұлттық мәдени орталықтары тұрақты жұмыс істейді. Мәдени орталықтар әр халық өкілдерінің өз ұлттық дәстүрлерін сақтауға зор ықпал жасап келеді. Сонымен бірге, көпұлтты Қазақстанның мәдени жағынан әртарапта дамуына үлес қосып келеді.

Шымкент қаласында бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамында 17 этномәдени бірлестік бар және де бұл этнос өкілдеріне ұлттық ерекшеліктерін, тілі мен мәдениетін сақтауына барынша жағдай жасалған.

Сонымен қатар қаламыздағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті көпұлтты жастардан құралған үлкен білім ордасы. Оларға

Қазақстан азаматтары ретінде білім алуға, емделуге тең құқық берілген. Университетімізде «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» жобалық кеңсе жұмыс атқарады, кеңсенің басшысы Жаньсбекова Гульнар Амирбаевна тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Жобалық кеңсе жастарымыздың ұлттық рухын көтеріп, отансүйгіштік қасиеттерін арттыратын, оларды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге ат салысады және де Қазақстан этностарының мәдениеттерін, тілдерін, дәстүрлерінің дамуын, мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуін насихаттау мақсатында түрлі іс шаралар ұйымдастырып отырады.

Қорыта келе айтарым, халықтың бірлігі, татулығы – бейбітшіліктің тұтқасы.

**С. ТҮЛЕМЕТОВА,**

*М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті, а.ш.ғ.к.,  
доцент.*